



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №52 (95105) 27 желтоқсан 2024 ж.



## Президент Қазақстанның ресми делегациясының мүшесі ретінде Санкт-Петербургтегі неформальды кездесуде қатысады

Касым-Жомарт Тоқаев, Санкт-Петербургтегі ресми делегациясының мүшесі ретінде неформальды кездесуде қатысады.

Мероприятиіге қатысқан Президент Ресей Федерациясы Владимир Путин, Беларусь Александр Лукашенко, Президент Қырғызстан Садыр Жапаров, Президент Тәжікстан Эмомали Рахмон, Президент Түркіменстан Сердар Бердімухамедов және Президент Өзбекстан Шавкат Мирзиёев.

Саммитте қатысқандар өздерінің еліміздегі маңызды бағыттары мен перспективасы туралы пікір алды.

## Президенттің Жаңа жыл шыршасына 200 бала қатысты

Талдықорғанда ел Президентінің балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты Жаңа жыл шыршасы өтіп, онда аудан-қалалардан келген 200 баланы облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Жастар» Спорт сарайында өткен мерекелік шараға көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларынан шыққан балалар, жетім балалар, ерекше қажеттілігі бар балалар, оқу озаттары, өнерлі өрендер келді.

Мерекелік шара флешмоб биімен басталды. Мұнан соң экранда ел Президентінің фотосы мен балаларды Жаңа жылмен құттықтауы көрсетілді.

Келесі кезекте арнайы шараға жиналған балаларды облыс әкімі ыстық ықыласпен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Бұдан әрі шырша шамы жағылып, облыс әкімі балалармен бірге шыршаны айналып, қуаныштарын бөлісті. Балаларға Президенттің атынан Жаңа жылдық сыйлықтар, атап айтқанда планшет, рюкзак, жаңа жылдық тәттілер, құттықтау хатын тапсырды.

Түрлі өнер ұжымдары, аниматорлар, клоундар, ертегілер мен мультфильмдер кейіпкерлері мерекелік қойылымдарын көрсетті. Балаларға түрлі ойындар ұйымдастырылып, тәтті дәмдер ұсынылды.

Бүгінгі мерекеге келген балалар тамаша көңіл-күйде пікір білдірді.

- Мен көп балалы отбасынан шыққан оқу озатымын. Үйде 8 қызбыз, бәріміз бір-бірімізбен татуымыз. Бүгінгі Президенттің жаңа жыл мерекесі өте көңілді өтіп жатыр. Барша достарымды жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын, - деді Панфилов ауданы Басқұншы ауылындағы мектептің оқушысы Айша Алжанбек.

«Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Людмила Ким: - Бүгінгі мереке маған өте ұнады. Көпшіліктің алдына шығып, тілегімді айттым. Бізге Жаңа жылға планшет сыйға тартты. Шырша тойы бізге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады, - деді ол.

Сәкен Әбілмансұр, Талдықорған қаласының № 16 мектеп-гимназиясының 4 сынып оқушысы: - Мен «Алтын сақа», «Ақбота», «Кенгуру» олимпиадаларының жеңімпазымын. Бүгінгі мерекеге қуана-қуана келдім. Аяз Атамен, Ақшақармен, түрлі ертегі кейіпкерлерімен бірге ән айтып, билеп, ойын ойнап, Жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен тойладық, - деді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## Жетісу облысында ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай сала мамандарына құрмет көрсетіліп, марапаттар берілді. Үздіктерге трактор және ақшалай сыйлықтар табысталды - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты жиын барысында фойеге ауыл шаруашылығы көрмесі қойылып, әр аудан-қаланың жетістіктері паш етілді. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев алдымен аталған көрмені аралап көрді. Мұнан соң жиында құттықтау сөз сөйлеп, атаулы мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қатысуымен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өткізілгенін, оған облысымыздан 40-тан аса ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысқанын атап өтті. Сол сияқты өңірдегі аграрлық саланы дамытудағы жетістіктер жайынан қысқаша хабарлар етіп, соның ішінде су шаруашылығы, ветеринария, жер пайдалану, су үнемдеу технологиясын енгізу бағытындағы жұмыстарға тоқтала келе:

- Биыл облыс диханшыларының қажырлы еңбегінің арқасында 510 мың гектардан 2,1 млн. тонна ауыл шаруашылық дақылдары жиналды. Өңірде 635 мың тонна тәтті түбір жиналды. Сонымен бірге дөңдік жүгері, майбұршақ бойынша мол өнім алынды. Бұл - соңғы 25 жылда алынбаған рекордтық өнім. Облыста төрт түлік малдың саны 13,7%-ға өсіп, 2,5 млн. басқа жетті, ет және сүт өндірісі 2,8%-ға ұлғайды. Агроөнеркәсіптік саласындағы барлық жетістіктерге бірінші кезекте, Сіздердің қажырлы және табысты еңбектеріңіздің нәтижесінде жеттік деп айта аламын. Сіздерге облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестеріңіз үшін алғысымды білдіріп, ерен



## Ауыл шаруашылығы қызметкерлері марапатталды

еңбек пен төккен тердің жемісін көруге тілектеспін! - деді Б. Исабаев.

Бұдан әрі өңір басшысы сала мамандарын марапаттап, бірқатар жетісулықтарға «Еңбек ардагері» медалін, ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатын, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ дәстүрлі түрде өтетін «Үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері» номинациясының жеңімпаздарын марапаттады. Атап айтқанда, шаруа қожалықтары арасынан Ақсу ауданындағы «Қыдырәлі» шаруа қожалығының басшысы Төлеген Махашевқа, заңды тұлғалардан Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігінің басшысы Александр Хильниченкоға 1-ші дәрежелі диплом мен трактор сыйға тартылса, «Ақсу қант зауы-

ты» ЖШС басшысы Самат Надирбаевқа 1-ші дәрежелі диплом мен 700 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық тапсырылды. Сол сияқты талдықорғандық «Жер Ана» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі, сарқандық «Сайранбек Агро» ЖШС, Қаратал ауданынан «Ерғазин», Алакөл ауданынан «Самет Агро», Кербұлақ ауданынан «Дәурен» шаруа қожалықтары, Панфилов ауданындағы «Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС, Көксу ауданындағы «Көксу Компани» ЖШС-ның еңбектері аталып өтіліп, арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Осы салтанатты шарада құрметке ие болып, шаруа қожалықтары арасында үздік ауыл шаруашылық тауар өндірушісі атанған ақсулық «Қыдырәлі» шаруа қожалығының басшысы Төлеген Махашев өз ризашылығын білдірді:

- Халқымызда: «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат» деген нақыл бар. Бүгінде облыс әкімінің қолдауымен жаңа техникаларға қол жеткізіп жатырмыз. Бұл жұмысты жеңілдетіп, шаруамызды ілгерілетуге септеседі. Ал осы реткі салтанатты шарада еңбегім еленіп, трактор көлігін ұтып алғанымға қуаныштымын. Әрине, тағы бір жаңа техникаға қол жеткіздім деп емес, ең бастысы ел келешегіне қосып жатқан үлесімді бағаланғанына ризамын. Бұл біздің алдағы жұмыстарға белсене кірісуге дем береді, - дейді ол.

«Еңбек ардагері» медалінің иегері атанған зейнеткер, «Қалманбетов» шаруа қожалығының басшысы Зейнеқабал Қалманбетов те қуанышын жасырған жоқ:

- Зейнетке шықтым деп қарап отырмай, шаруа қожалығын әлі де жүргізіп келеміз. Шамамыз жеткенше әлі де еңбек ете береміз. Өйткені еңбек - өмірдің мәні. Биыл 30 га жерге сепкен қант қызылшасының шығымы гектарына 600 центнерден айналды. Келесі жылы алқапты кеңейтіп, 60 га жеткіземіз деп отырмыз. Сояның да егістігін ұлғайтамыз. Мемлекеттен беріліп отырған көмектің арқасында жақсы өнім алуға мүмкіндігіміз мол, - деді ол.

Атап өтсек, осы күні Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жәрмеңкесі өтті. Оған облыстың 2 қаласы мен 8 ауданынан 18 түрлі азық-түлік өнімдері әкелініп, саудаланды. Атап айтқанда 90 тонна ауыл шаруашылығы өнімі, соның ішінде ет, балық, сүт өнімдері, картоп, көкөніс өнімдері, жеміс-жидектер т.б. бар.

Еске салсақ, осы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша облыста ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 103,7% өсімімен 405,3 млрд. теңгеге жетті. Жылдың қорытындысында 102,5%-ға, яғни 518,2 млрд. теңгеге жеткізу межеленіп отыр.

## Азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындар негізінен мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алу, денсаулық сақтау мәселелері бойынша жүгінді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімінің қабылдауына кіргендердің дені – баспана кезегінде тұрған азаматтар. Олардың үй алуға қатысты сұрақтарына байланысты тұрғын үй заң аясында кезек ретімен берілетіні, «Отбасы банк» АҚ арқылы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері түсіндірілді.

Сонымен қатар мүгедектік тобын өзгертуге қатысты екі азаматтың қосымша сауалдарына орай олардың денсаулық жағдайын комиссиялы түрде қайта қарау облыстық денсаулық сақтау басқармасына тапсырылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

**Ж**етісу облысында биыл қант қызылшасынан рекордтық өнім алынып, 635 мың тонна қант қызылшасы жиналды. Бүгінгі күнге соның 600 мыңдай тоннасы Ақсу, Көксу қант зауыттарына өткізілді. Қос кәсіпорында қабылдау жұмыстары жалғасуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## БҮГІНГІ КҮНГЕ 600 МЫҢДАЙ ТОННА ӨНІМ ӨТКІЗІЛДІ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірдегі ұсақ шаруашылықтар өз өнімдерін зауыттарға өткізіп біткен.

Облыстағы ұсақ шаруашылықтар өнімдерін қант зауыттарына өңдеуге өткізіп болды. Бүгінгі күнге тек 12 ірі шаруашылық қалды, олар өз көліктерімен және көлік жалдап, өнімдерін тасымалдап жатыр. Жалпы облыс бойынша бүгінге дейін өткізілген өнімнің пастығы 7,6% болған, қар жауғаннан кейінгі екі күнде бұл көрсеткіш 11,2% көлемінде тұр. Жалпы биылғы жылы қант қызылшасынан 635 мың тонна өнім алдық. Біз тұқым себуден өнімді жинап, өткізуге дейінгі барлық процесте шаруашылықтарға қажетті қолдау көрсетіп келеміз, - деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Ақсу қант зауыты бүгінге дейін 340 мыңнан астам, ал Көксу зауыты 254 мың тонна өнім қабылдаған. Екі кәсіпорында да қабылдау әлі де жалғасып жатыр.

Ақсу қант зауытының директоры Самат Надирбаевтың айтуынша, өз өңіріміздегі өніммен қатар Жамбыл облысынан да қант қызылшасын қабылдауда.

Ал Көксу қант зауыты биыл 260 мың тоннаға дейін қызылша қабылдауды жоғарылатты.

Бүгінгі таңда 254 мың тонна қант қызылшасы қабылданып, соның 164 мың тоннасы өңделді. Зауыт белгіленген қуатында жұмыс істеп тұр. Жалпы осы жылға дейін 200 мың тонна қызылша қабылдайтынбыз, биыл өнім мол болғандықтан, оған қосымша тағы 60 мың тонна қосылады деп жоспарланып отыр. Бүгінгі күні шаруашылықтармен есептесіп, 2,5 млрд. теңге төлем жасадық. Өнім өткізгеніне қарай уақытылы есеп айырысамыз, - дейді Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов.

Мәселен, «Арман» шаруа қожалығының жетекшісі Арман Бекбасов биыл қызылшаның тез пісетін гибриді тұқымын сеуіп, өнімді уақытылы жинап алғанын айтады. «Ауа райының жайын бағамдадық, өз мүмкіндіктерімізді сараладық, оның үстіне тез пісетін тұқым сепкендіктен, өнімді уақытылы жинап алдық. Ақсу қант зауытына қызылша тапсырғаннан кейін бір аптаның ішінде зауыттан берілетін тиісті төлемді, он күннің ішінде мемлекеттен берілетін субсидияны алдық», - дейді А. Бекбасов.

Еске салсақ, биыл қант қызылшасының егіс алқабы Жетісу облысында 1,7 есе ұлғайып, 13,7 мың гектарға жеткізілді, одан 635 мың тонна тәтті түбір жиналды. Екі қант зауытында 94 мың тонна қант өндіру жоспарланған, оның 64 мың тоннасы қант қызылшасынан шығарылады. Сол сияқты қызылша өсіретін 5 ауданда 8 жаңа сервистік-дайындау орталығы құрылып, 30 шаруа қожалығына құны 2,5 млрд. теңгеге қант қызылшасы өндірісіне қажетті 62 бірлік техника сатып алынды.

## Әлеуметтік осал топтар санатындағы 57 отбасы үйлі болды

**Ж**етісу облысында әлеуметтік осал топтар санатындағы 57 отбасы баспаналы болды. Атап айтқанда, Талдықорғанда 37 жаңа пәтердің, Сарқан қаласында 20 жеке тұрғын үйдің кілттері тапсырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сарқан ауданы әкімдігінің хабарлауынша, аудан орталығында баспана салу мәселесіне соңғы жылдары баса назар аударылып, ауқымды жұмыстар атқарылуда.

- 2022 жылы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар үшін 5 қабатты 50 пәтерлі үй, өткен жылы «Болашақ» шағын ауданында екі қабатты 20 пәтерлі тұрғын үй қолданысқа берілді. Бұған қоса, ауданның әлеуметтік осал топтағы азаматтары үшін 24 тұрғын үй сатып алынып, берілді. Бүгін 20 үйдің кілті тапсырылса, бұдан бөлек, жақын арада осы типтегі 30 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, қолданысқа беріледі, - дейді Сарқан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары, жолаушылар көлігі және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Өсет Қанапиянов.

Осы күні жаңа үйге ие болғандар қатарында жетім балалар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, көп бала-



лы аналар, толық емес отбасылар, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер бар.


Сарқандық көп балалы ана Толқын Мантекова қоныстой қуанышына кенелгендердің бірі. - Тұрғын үй кезегіне 2019 жылы көп балалы ана ретінде тұрғанмын. Бүгін жаңа жыл қарсаңында арманымызға жетіп, үйлі болдық. Мем-

лекет тарапынан берілген үй кең, жайлы, қолайлы. Баспаналы болғанымызға әсіресе балаларым ерекше қуанып жатыр, - дейді.

Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Құлагер» шағын ауданынан жаңа пәтерге ие болған Жанар Болатбекова да ой бөлісті. - Бүгін көптен күткен пәтерімізді алдық. Мүгедектігі бар баламыздың денсаулық жағдайына қолайлы жаңа пәтерге ие болғанымызға қуаныштымыз. Кезекте 10 жылдан аса уақыт тұрып, осы күнді күттік. Сол күнге де жеттік, рақмет, - деді Ж. Болатбекова.

Жалпы Жетісу облысында биыл тұрғын үй құрылысына 7,6 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаржы 56 көп қабатты мен 214 жеке тұрғын үй салуға бағытталды. Бұдан бөлек, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 866 пәтер сатып алынды, оған 15,9 млрд. теңге бөлінді

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



## ТИІМДІ, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫ

Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жүйелі түрде жетілдіру - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басты басымдықтарының бірі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жүйесін дамыту - азаматтардың құқықтарын қорғауға және қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған тұрақты әрі жүйелі жұмыс. Осы мақсатта Департамент тарапынан мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру бойынша тұрақты негізде кешенді талдау жүргізіліп, тиісті органдарға ұсыныстар әзірленіп жолдануда. Жалпы, мемлекеттік қызметтерді эксаумақтық, проактивті және композиттік форматтарға кешіру, сондай-ақ, қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Тұрақты негізде жүргізілетін бұл жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін барынша тиімді, қолжетімді және азаматтарға ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.



**•Кәсібі-нәсібі**

Жаңа жыл бұл мейрамнан күтері көп бүлдіршіндерді ерекше көңіл-күйге, шаттық пен мейірімге бөлейді. Жыл сайын дәстүр бойынша балаларға тәтті дәмдісін ұсынып, ақ дастархан жаятын «Амина» мейрамханасының басшысы Ким Ася Валентинқызы биыл да 220 бүлдіршінді шаттыққа кенелтті. Сарқан ауданының орталығындағы «Амина» мейрамханасында көп балалы, мүгедектігі бар және толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатқан ұл-қыздарға арнайы мерекелік дастархан жайылып, мерекелік іс-шара барысында Жаңа жылдың кейіпкерлері Аяз ата мен Ақшақар қызықты думанның одан ары көңілді болып өтуіне атсалысты.

Қызмет көрсету саласында жұмыс істеу әрқашан жоғарғы жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, қызметкерлер кейде көңіл хошы жоқ көптеген адамдармен сөйлесуі де мүмкін. Мұндай жағдайда келушілердің сұраныстарын қанағаттандыру үшін барынша әдептілік пен шыдамдылық танытып, қамқорлық пен лайықты көңіл бөлу қажет. Жеке кәсіпкер Ася Валентинқызы Ким өз ұжымына дәл осындай міндеттер қояды.

Мейрамхана басшысы Жаңа жылдық думанның жоғарғы деңгейде ұйымдастырылуына қол ұшын созған кәсіпкерлер Сарбиназ Құмарова, Жанар Құрманғалиева мен жолдасы Болат Ақпаевқа демеушілік көрсетіп, қамқорлық танытқаны үшін алғысын білдірді.

Сарқан қаласының тумасы Ася Валентинқызы бұл кәсіпке 2008 жылы жүрек қалауымен араласты. Оның сауда саласында мол тәжірибесі бар, өйткені кеңестік кезеңде қоғамдық тамақтандыру орындарында тауартанушы (товаровед) болып жұмыс істеген. Бірақ соған қарамастан, жаңа істі жолға қою үшін көп нәрсені өз бетімен зерттеу, инфрақұрылымды құруға және қоғамдық тамақтандырудың басқа да қызметіне байланысты көптеген міндеттерді шешу қажет болды.

«Біздің мамандықтағы ең маңызды шарт-қанағаттанған клиенттердің қызметімізге қанағаттануы. Ресторатор болу оңай емес, бұл кәсіпте ешқандай қателік жіберуге болмайды,-дейді Ася Валентинқызы.

Ол өз ісін 2008 жылы Жансүгір ауылында 60 адамға арналған кафе ашудан бастады. Алты айдан кейін екінші кафе ашылды. 2011 жылы Жансүгірде 250 мейманды қабылдауға арналған «Амина» мейрамханасын, ал екі жылдан кейін біз Сарқан қаласында 300 қонақты жайлы

**Қайырымдының қазаны ортаймайды**



қабылдай алатын мейрамхана салды. Араға жылдар салып Сағабүйенде «Амина» мейрамханасы ауыл тұрғындарына қызмет көрсете бастады. Жансүгірде 40 адамға лайықталған қонақүй ашып, 3 жылдан кейін Талдықорған қаласында да дәл осындай мейрамхана ашылды. Сонымен қатар Екіаша ауылындағы өзінің қоғамдық тамақтандыру орны арқылы ГЭС салып жатқан 150-160 құрылысшыларды да ыстық ауқатпен қамтамасыз етуде. Асяның қайырымдылықпен айналысып келе жатқанына 13 жыл болыпты. Ораза кезінде ауыз бекіткен жандарға 1000 адамды қамтып ауызашар ұйымдастыруды ол дәстүрге айналдырған.

Кез-келген бизнестегі сәттілік табандылықты, қажырлы еңбекті және өз кәсібіне деген құштарлықты қажет етеді. «Амина» өз клиенттеріне сапалы дайындалған тағамдарды ұсынады. Асяның басты тірегі, өмірлік серігі Бидахмет Малгеждарұлы Жаңабатыров және балалары. Қызметкерлерінің барлық қажеттіліктерін өтеп, ауырса емдетіп, көлікпен қамтамасыз етіп келе жатқан кәсіпкерге қарауындағылар дән риза.



Ася Валентинқызының еңбегі лайықты бағаланып, марапаттармен мадақталған. Қазақстанның үздік 100 адамына есімі айшықталып жазылып, Мәскеу қаласынан шығатын Үлкен энциклопедияға жетістіктері тіркелген.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

**•Табиғат**

**Орман сәні – шыршаны қорғайық**

«Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» қызметкерлерімен әр жыл сайын желтоқсан айынан бастап жаңа жыл мейрамы аяқталғанша аса қырағылықпен, орман сәні қылқан жапырақтыларды күзету жұмыстары атқарылады. Осы іс-шараға басқа да құқық қорғау органдары да белсене ат салысады. Өйткені жаңа жыл мейрамы кезінде, осы мейрамның символы шырша болғандықтан оған көз сүзушілер әлі де бар. Сондықтан шырша есетін аймақтарда жол бойына арнайы бақылау бекеттері қойылып, кезекшіліктер ұйымдастырылуда.

Осы орайда, ескеретін бір жайт, Қазақстан Республикасының заңдарында орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру мен өсіру саласындағы заң бұзушылықтар үшін жауапкершілік белгіленген.

Шырша ағашы өте баяу өсетін өсімдік. Бір күндік мейрам үшін бір жылда бір тоннадан астам шаң-тозанды жұтып, қоршаған ортаға 1,5 мың литр оттегін бөліп шығаратын өсімдігімізді кессек, өз-өзімізді буындырғандай боламыз. Сұлу табиғатымыздың көркін келтіретін қылқан жапырақты ағаштарды сақтау арқылы, өлкемізді бірігіп көркейтейік.

**Е.КУСАИНОВ,**  
**«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мемлекеттік инспекторы.**

**Правила посещения территории ООПТ**

В Республике Казахстан правила пользования объектами охраны природы (ООПТ) регулируются рядом законодательных актов, включая Закон Республики Казахстан о природоохранной деятельности, а также правилами, постановлениями и другими нормативными актами, которые устанавливают порядок использования, охраны и защиты этих территорий.

Основные правила пользования «Жонгар Алатауский ГНПП» включают следующие аспекты: 1. Цели использования ООПТ: Территория «Жонгар Алатауский ГНПП» используется для охраны природных комплексов, поддержания экосистем, а также для экологического, научного, рекреационного, культурного и образовательного использования. 2. Запрещенные виды деятельности: На территории «Жонгар Алатауский ГНПП» запрещены мероприятия, наносящие ущерб экосистеме, такие как: -Сельское и лесное хозяйство, если оно не согласовано с органами охраны природы. -Строительство объектов, нарушающих природный баланс. -Применение химических веществ (например, пестицидов) без согласования. -Выпас скота (в некоторых случаях). 3. Научная деятельность: На ООПТ разрешается проведение научных исследований, но только с разрешения органов, управляющих ООПТ. Эти исследования должны быть направлены на изучение экосистем и улучшение охраны природных объектов. 4. Рекреационное использование: Туризм и отдых на ООПТ возможны, но с ограничениями, направленными на минимизацию воздействия на природу. Может быть установлен лимит на количество посетителей и требования к их поведению. 5. Охрана и защита: Пользователи ООПТ обязаны соблюдать правила охраны и защиты природы, включая мероприятия по восстановлению экосистем и предотвращению загрязнения. 6. Контроль и ответственность: За нарушение правил пользования ООПТ предусмотрены штрафы и другие меры ответственности. Контроль за соблюдением этих правил осуществляется государственными экологическими органами.

Эти правила могут варьироваться в зависимости от типа ООПТ с правилами пользования «Жонгар Алатауский ГНПП» вы можете ознакомиться на социальных страницах национального парка такие как (инстаграм, фэйсбук).

**И АЯЗОВ,**  
**государственный инспектор Басканского лесничества Сарканского филиала.**

**Жасыл шырша жеріміздің байлығы**

Жаңа жыл қарсаңында орман сәнін қорғау біздің ортақ міндетіміз болып табылады. Өйткені орман — тек табиғаттың әсем бөлігі ғана емес, ол біздің экологиялық тұрақтылығымыздың негізі.

Көптеген адамдар жаңа жылдық безендіру үшін табиғи шыршаларды кесіп алып, үйінде орнатады. Бірақ бұл қадам экологияға зиян тигізуі мүмкін. Әсіресе, орманды кесу жоспарсыз және бақылаусыз жүрсе, бұл табиғатқа ауыр соққы болып табылады. Ормандардың қатары азайып, жануарлардың үйі жоғалады, ал ауа құрамындағы оттегі деңгейі төмендейді. Мұның бәрі адамзат үшін қауіп тудырады. Сондықтан жаңа жылдық шырша таңдау кезінде бұл мәселелерді ескерген жөн.

Орман сәнін сақтап қалудың жолдары бар. Біріншіден, үйде табиғи шырша орнатудың орнына, жасанды шырша пайдалану — жақсы альтернатива. Жасанды шырша бірнеше жыл бойы қызмет етеді, ал оның қайта өңделуі оңай. Сонымен қатар, бүгінде көптеген шаруашылықтар арнайы орман питомниктерін ашып, ағаштарды егу мен өсіру жұмыстарымен айналысады, сондықтан табиғи шырша сатып алу қажет болса, бұл шаруашылықтардан сатып алу экологиялық тұрғыдан тиімді болады.

Екіншіден, орманды қорғау үшін оны тек шыршаларды кесумен ғана емес, ормандарды сақтау мен өсіру жұмыстарымен де қолдай аламыз. Әрбір адам жаңа жылда ағаш отырғызу сияқты шараларды ұйымдастыруға үлес қоса алады. Бұл — тек қоршаған ортаны жақсартудың ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де маңызды іс. Әр ағаш, әр шырша — біздің жеріміздің байлығы мен әсемдігі, сондықтан біз оны қорғауға тиіспіз.

**А.ОРАЗБАЕВ,**  
**Сарқан филиалы Аманбектер орманшылығының орман шебері.**







101 ескертеді

## Сымдар жүйесіндегі ақаулық

Қазіргі уақытта электр қуатынсыз өмір сүру мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім. Алайда электр көздерін пайдалануда мұқиятсыздық таныту түрлі проблемаларға алып келеді. Соның бірі өртке алып келетін сымдар жүйесіндегі ақаулық, ал оның негізгі себептерінің бірі сымдар жүйесінің жасы. Бірнеше жыл бұрын монтаждалған сымдар жүйесі қазіргі заман талаптарына сай емес. Ал электр сымдар жүйесінің тозуы қысқа тұйықталуды, нәтижесінде жануды тудырады. Көп жағдайда қысқа тұйықталу өрттің пайда болуының себебі болуы мүмкін. Егер сымдар жүйесі дұрыс жұмыс істесе, фаза мен нөл сымдары арасында тоқ арнайы қуат арқылы өтеді. Ал егер де қуат болмаса қысқа тұйықталуды тудырады. Үйде және өндірісте қысқа тұйықталудың пай-

да болуы адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіпі бар. Қысқа тұйықталудың себебі сымды оқшаулаудың тозуы немесе сапасының төмендігі, сымдар арасы дұрыс қосылмауы. Мұндай жағдайлар облысымызда көп кездеседі. Көп жағдайда тұрғындар электр жүйелерін жүргізетін мамандардың тоқ жүйелерін жүргізуде техника қауіпсіздігін сақтамай, өрескел қателік жіберетіндігін айтып жатады. Алайда мамандарды ғана кінәлі деп санау дұрыс емес. Өйткені әр адам өзінің өмірі үшін жауапты болады. Қорытындылай келе, аудан тұрғындарына айтатынымыз, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз, адам өміріне қауіп төндіретін қысқа тұйықталу кезінде «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

**Р.АХМАРОВ,**  
**Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

### Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2024 жылғы 4 тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Жеңісбекұлы Турсунов	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұма сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Өуезов көшесі №41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ришат Рафаильевич Ахмаров	Бөлімнің бас маманы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Өуезов көшесі №41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт сөндіру бөлімі	Ерік Серикович Наушабаев	№12-Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	сейсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Өуезов көшесі №41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43.

## Тұрмыс жағдайындағы өрт қауіпсіздігі

Балалар кінәсінен пайда болған өрттер себептерін талдау көбінесе отпен абайлап қарамағандықтан, жеткіліксіз бақылау мен ата-аналардың балаларының бос уақытын ұйымдастыра алмағандықтан туындайтынын көрсетеді.

Үш жастан жеті жасқа дейінгі балалар ойын барысында ересектердің қылықтары мен іс-әрекеттерін жиі-жиі қайталайды. Балалар әрдайым барлығын білуге құмартып тұрады. Олар барлығын мүмкіндігінше тезірек білуге және өзінің басынан кешуге ұмтылады және бірінші кезекте балаларды жарқын және есте сақталатын оқиғалар қызықтырады. Ал оттан не қызықтырақ болуы мүмкін? Балалар үйде жалғыз қалған кезде, олардың дербестікке талпынысы оянады. Бала орманда жағылған отты көріп, үйде қағаз тұтандырғысы келмейтіндігіне сенімді болуға болмайды.

Үйден шықпас бұрын, ересектерге немесе жасы үлкен балаларға баланы бақылауды тапсыру қажет. Әсіресе балаларды жабық пәтерлерде қалдыру аса қауіпті. Өрт болған жағдайда, олар жанып жатқан бөлмеден өздігінен шыға алмайды. Оттан және түтіннен құтқарылу үшін олар үстелдер, кереуеттер астына, шкафтардың ішіне тығылады. Өрт болған жағдайда оларды тауып алу қиынға соғады.

Неге онда өрттер пайда болады? Ересек адамдар отта жасырынған барлық жауапкершілікті түсінбейді ме? Әлде болып жатқан апаттар мен зілзалалар туралы ақпараттар бұқаралық ақпарат құралдарында аз жарияланады ма, ал өртке қарсы қызметтер тұрғындарды өрттер туралы аз құлақтандырып, оларға жеткіліксіз кеңес беріп ескертеді ме? Сақтандырулар айтарлықтай жеткілікті. Алайда, қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелері бұрынғыша сақталмайды, ел-жұрт болуы мүмкін салдарлар жайлы қам жемейді де. Өлдебіреу өзі, өзінің отбасысы, туған-туысқандары мен қоршаған адамдар үшін сәл ғана жауапкершілігінің болмағандығынан, өзінің қауіпсіздігі салдарынан, кейбіреуі ішкі мәдениеті болмағандықтан, мамандардың ұсыныстары мен кеңестеріне көңіл аударғысы келмегендіктен ойламайды.

**Ө.ҚАБДЕШОВ,**  
**Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**



## Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану

Бөрлітөбе орман шаруашылығы аймағында адамдармен сұхбаттасу барысында аң-құстың азаю туралы мәлімдеді. Қазіргі таңда Қазақстанда жабайы жануарларды, аң-құстарды заңды және заңсыз аулаудың көбейіп кеткендігі себепті олардың кейбір түрлерінің мүлде азайып бара жатқандығы туралы белгілі. Бүгінгі күнде Қазақстанда құстың 488 түрі және сүтқоректілердің 175 түрі өмір сүреді. Олардың арасында сүтқоректілердің 34-і, құс түрлерінің 59-ы аңшылықтың негізгі нысанасына айналып отыр екен. Алайда, осы жабайы жан-жануарларды қорғау мәселесінің жүйелі реттелмеуінің және адамдардың қоршаған ортаға келтіріп отырған зиянкес әрекеттерінің салдарынан олардың саны азайып, жойылып бара жатқандығы алаңдатады. Үкімет тарапынан жабайы жануарларды қорғау, олардың өсімін қамтамасыз ету жұмыстарының әлі де жеткіліксіз екендігін айтуымыз керек

**Е.БАЛТАБЕК,**  
**Бөрлітөбе ОШКММ – нің аңшы – биологы.**

Барлық адам жаңа жыл мерекесін асыға күтеді. Бұл ретте көбі мерекелік үстелді мол етіп дайындауға тырысады: салаттар, тіске басарлардың түр-түрін, торттар мен бөліштерге дейін болады. Алайда егер абай болмасаңыздар, мерекелік дастарқанды тамақтан улану бұзуы мүмкін. Әдетте қоғамдық тамақтану және сауда объектілері мереке күндері аспаздық және кремді бар кондитерлік өнімдерді үлкен мөлшерде дайындайды. Осы күндері сақтау және сату мерзімі қысқа түрлі салаттар, ет және балықтан дайындалған тіске басарлар, ет сілікпелері, құйма еттер, тауық етінен жасалған тағамдар және басқалары ең көп сұранысқа ие болады. Осыған байланысты, тамақ өнімінің қауіпсіздігін және сапасын растайтын құжаттардың болуына, сондай-ақ оларды сату және сақтау жағдайларына назар аударуды сұраймыз.

**Мереке күндері тамақтан улану сияқты жағымсыз жағдайларды болдырмау үшін мынадай алдын алу шараларын сақтау қажет:**

- Беймәлім адамдардан, әсіресе тез бұзылатын азық-түлік тауларынан: сүттен, сүзбеден, қаймақтан және қолдан жасалған кез келген өнімдерден рұқсатсыз сауда орындарында азық-түлік өнімдерін сатып алмау;
- тоңазытқыштан тыс сақтау, мерзімі өткен және (немесе) сақталған өнімдерді тұтынбау;
- қаптаманың бүтіндігін бұзатын және заттаңбаларды (биркаларды) белгіленбеген өнімдерді сатып алмау;
- тамақ дайындағанда жеке гигиенаны сақтау және ас үйде тазалықты сақтау; қолды, ас үй ыдыстарын, кескіш тақтайларды жуып пайдалану;
- шикі және дайындалған өнімдерді өңдеу үшін жеке кесетін жабдықты



•Денсаулық

## ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНДЕ ТАМАҚТАН УЛАНУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК

(пышақтар, тақтайлар) пайдалану;

- тамақ дайындау технологиясын сақтау;
- жеке гигиена қағидаларын және тазалықты сақтаңыздар;
- тез бұзылатын (салат, фарш ет және балық) өнімдерді бір тәуліктен артық сақтамау;
- кондитерлік өнімдерді, кремді бар торттарды тоңазытқышта ғана сақтаңыздар, бұл тез бұзылатын өнімдер екенін ұмытпаңыздар;
- жасыл желектерді, шикі көкөністерді, жемістерді ыстық ағынды судың астына мұқият жуу;
- шикі және дайын тағамдарды бірге сақтауға жол бермеңіздер, ал сапасыздыққа аздаған күдік пайда болғанда, әсіресе өткен кештегі үстелден қалған тағамдарды пайдаланбау керек.

Белгіленбеген сауда орындарынан, адамдардан тамақ өнімдерін, әсіресе үйде дайындалған консервілерді са-

тып алмаңыздар, бұл ботулизммен ауыруға алып келуі мүмкін.

Жаңа жылдық мереке кезінде келесі демалыс күндеріне арнап тамақты молынан дайындамаңыздар. Құс етінен жасалған, жұмыртқа қосылған дайын тағамдар, майонез және қаймақ қосылған салаттар, кремді бар кондитерлік өнімдер (торттар, бөліштер) барынша үлкен қауіп төндіреді.

Осы қарапайым кеңестерді орындау Жаңа жыл мерекесі кезінде де, болашақта да өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға септігін тигізеді!

Есіңізде болсын, тамақтан уланудың алғашқы белгілері пайда болған кезде шұғыл түрде медициналық көмекке жүгіну керек.

**Д. КАЛЫГУЛОВ,**  
**Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

